

Талдық негізгі орта білім беретін мектебінің бастауыш сынып

ӘДІСТЕМЕЛІК БІРЛЕСТІК ОТЫРЫСЫНЫҢ №1 ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: ____ 20.10 ____ 2025 жыл

Өткізілген орны: _Талдық НОББМ____

Қатысқандар: _5_

Қатыспағандар: _жоқ_

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Өткен оқу жылындағы әдістемелік бірлестіктің атқарған жұмыстарына талдау, жаңа оқу жылына мақсат, міндеттерді айқындау.
2. 2025–2026 оқу жылында ҚР жалпы орта білім беру ұйымдарында ғылым негіздерін оқыту ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру.
3. Бірлестіктегі пән мұғалімдерінің күнтізбелік-тақырыптық жоспарларын бекіту, нормативтік құжаттармен таныстыру.
4. Бастауыш сынып оқушыларының зерттеу, жоба жазу жұмыстарын практикалық тұрғыда ұйымдастыру ерекшеліктері.

ТЫНДАЛДЫ:

1-мәселе бойынша: Әдістемелік бірлестік жетекшісі өткен оқу жылындағы атқарылған жұмыстарға талдау жасап, білім сапасы мен әдістемелік жұмыстарға тоқталды. Жаңа оқу жылына арналған мақсаттар мен міндеттер ұсынылды.

2-мәселе бойынша: 2025–2026 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хаттың мазмұнымен таныстырылып, оқытудағы өзгерістер түсіндірілді.

3-мәселе бойынша: Пән мұғалімдерінің күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары қаралып, нормативтік құжаттарға сәйкестігі талқыланды.


4-мәселе бойынша: Бастауыш сыныптарда зерттеу және жоба жұмыстарын ұйымдастыру жолдары мен бағалау критерийлері қарастырылды.


ҚАУЛЫ 1. Өткен оқу жылының жұмысы қанағаттанарлық деп танылсын.

2. 2025–2026 оқу жылына қойылған мақсат-міндеттер басшылыққа алынсын.

3. Мұғалімдердің күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары бекітілсін.

4. Бастауыш сыныптарда зерттеу және жоба жұмыстарын жүйелі ұйымдастыру пән мұғалімдеріне жүктелсін.

Әдістемелік бірлестік жетекшісі: _Казыбекова Г.С. 

Хатшы: _Казыбекова Г.С. 

Бастауыш сынып әдістемелік бірлестік отырысының №2 ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: _____ 21.12. 2025жыл _____

Қатысқандар саны: _____ 4 _____

Қатыспағандар: _____ жоқ _____

КҮН ТӘРТІБІ:

1. I тоқсанның қорытындысы, атқарылған жұмыстарға талдау жүргізу.
2. I тоқсанның пән бойынша білім сапасының мониторингі, БЖБ, ТЖБ талдау, модерация жұмысын жүргізу.
3. Бастауыш сынып оқушыларының тілін дамытудың тиімді жолдары (іс-тәжірибемен бөлісу).
4. Қазақ тілі мен орыс тілі пәндерінің оқытылуы.
5. Мектепшілік олимпиада тапсырмаларын талдау, бекіту.

ТЫҢДАЛДЫ:

1-мәселе бойынша:

I тоқсан қорытындысы шығарылып, білім сапасына талдау жасалды. Пән мұғалімдері атқарылған жұмыстар бойынша есеп берді. Үлгерімі төмен оқушылармен жүргізілген жұмыс нәтижелері қарастырылды.

2-мәселе бойынша:

БЖБ және ТЖБ қорытындылары сараланып, білім сапасының мониторингі жасалды. Модерация нәтижелері талқыланып, бағалау барысындағы кемшіліктер мен жетістіктер айтылды.

3-мәселе бойынша:

Бастауыш сынып мұғалімдері оқушылардың тілін дамытуда қолданылып жүрген тиімді әдіс-тәсілдермен бөлісті. Практикалық жұмыстар мен жаңа технологияларды қолдану жолдары ұсынылды.